

«Абайды оқы – таңырқа!»



Мақсат: Оқушыларды Ұлы ақынның балалық және жастық шағы, өскен ортасымен таныстыру. Ақындығы мен композиторлығын таныту. Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру. Жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу.

**Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.
Ол бірақ қайтіп келіп ойнап – күлмес.
Мені мен, менікінің айырылғанын,
“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес.
Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы.
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған – дегендей бүгін
біз артында өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы ақын
атамыз – Абай Құнанбайұлы туралы сөз
қозғамақпыз.**

ағартушы

**ұлы
ақын**

дана

аудармашы

А.Құнанбаев

композитор

классик

философ





Жүрегіңнің тубіне терең бойла,
Мен бір жеңібат, адалшын, оны да ойла.
Соктықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә, қойма!

1 топ.

**Абай –
Ибраһим**

2 топ.

Абай-ақын.

3 топ.

**Абай-
аудармашы.
ойшыл.**

4 топ.

**Абай-
данышпан,
сазгер**



Ұлы ақын, сазгер, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ әдебиеті негізін қалаған ағартушы

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлына

175 ЖЫЛ

Абай 10 тамыз 1845 ж.
қазіргі Семей
облысының Шыңғыс тау
бөктерінде
Қарқаралының аға
сұлтаны Құнанбайдың
әйелі– Ұлжаннан туған



Абай 1845 жылы жылан жылында туылып, 1904 жылы 60 жасында Семей уезінің Шыңғыс болысында дүниеден қайқан. Негізгі аты – Ибраһим болса да, «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді.

Абайдың бар өмірі өзі туып өскен Шыңғыс болысы, қазіргі Абай ауданы, бұрынғы Семей облысында өтті.

«Ғылым таппай мақтанба»

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ-
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой-
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Болмасаң да, ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де-өзі, мал да -өзі
Ғылымға көңіл берсеңіз.





Абай – ойшыл.

- Абай-ойшыл дегенде біздің есімізге оның қара сөздері түседі.

Қара сөздері терең ой мен күрделі пікірге құрылған.

Жақсы мен жаман туралы баяндайды, халқын алға ұмтылуға шақырады. Абайдың 46 қара сөзі бар. Олай болса сол қара сөздерінен үзінді тындайық.

Абай – аудармашы.

- Абай орыс ақыны А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер, М. Ю.Лермонтовтың, И.Гетенің шығармаларын сүйіп оқып, аударған. Біз оқыған «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын да И.А.Крыловтан аударған Абай атамыз екен.



Абай - өз заманының биік парасат иесі ғана емес, бүгінгі заман қайшылықтарын шешуге де бағыт берген биік тұлға. Ақынның адамгершілік мұраттары тек өлеңдерінде ғана емес қара сөздерінде де терең философиялық толғаныспен көрініс тапқан. Абай өзінің оқушысы мен тыңдаушыларымен әңгімелеседі





Қазақ, орыс және бірнеше
шығыс елдерінің тілдерін
білген



Әлем және орыс әдебиетін
тұңғыш рет ана тілімізге
аударған



170 өлеңі, 56 аудармасы
45 қара сөзі бар



«Абай жолы» - ХІХ
ғасырдың екінші
жартысындағы қазақ
халқы өмірінің айнасы

Абайдан оқығаның табылады,
Абайды оқымаған қағынады.
Абайды оқы, ерінбе, еркелеме,
Абайдан іздегенің табылады.





Абай- сазгер

Өзі де бірнеше ән шығарған.

- Тәңір қосқан жар едің сен
- Сегіз аяқ
- Көзімнің қарасы
- Қор болды жаным
- Бойы бұлғаң
- Айттым сәлем, Қаламқас
- Біреуден біреу артылса
- Көңіл құсы күйкылжытар шартарапқа
- Сен мені не етесің?
- Ата-анама көз қуаныш
- Сүйсіне алмадым сүймедім
- Желсіз түнде жарық ай

Абай-данышпан.

-Ақын өз өлеңдерінде қараңғылық, надандық, кертартпалықпен күрескен, халық қамын ойлаған, **жастарды білімге, еңбекке, өнерге шақырған.**

- Абай қазақтың ән-күйін сүйіп тыңдаған. Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Тәттімбет сияқты халық сазгерлерін ерекше бағалаған.




Кешегі ауыр да күңгірт заманда жалын боп жанып өткен Абайдың осы мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды. Абай туған елін қаншама сүйсе, елі үшін күңіреніп, тебіренсе бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйіп отыр. Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымызда жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар. Абай атамыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін көкіректе нық сақтайық.




Абай отбасымен, 1903 жыл. 1-қатарда: Пәкизат, Тұрағұл Абайұлы, Әубәкір Ақылбайұлы. Отырған Абай Құнанбайұлы. 3-қатарда: Мағауия Абайұлы, Еркежан, Кәмәлия (Әубәкірдің әйелі).



Данагүл Байқадамоваға заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын стенографиялау бақыты бұйырған





Бүркіт бейнелі жақпар тас



Ұлылар мекені - Шыңғыстау



Абай мұражай үйінің ішкі көрінісі




Ағасұлтан алаңындағы Абай ескерткіші. Қарауыл ауылы.



*Абайдың сүйікті жары
Әйгерімнің сүйектөсегі*




Табиғат сыйлаған тесік тас



Ұлы Абай, Шәкәрім кесенесі



“Еңілік-Кебек” ескерткіші




Абай төбе би болғанда шығып билік айтқан тас. Архат.



Ұлы Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжанның кесенесі



Ұлы Абайдың мұражай үйі. Жидебай.



Мұражайдың аясындағы Абайдың бюсті



Абайдың орыс үлгісінде жасатқан қос қазанды пеші. А



Әйгерімге Абай жасатқан күміс ертоқым




Абай мен Оспанның құлпытасы



Кесенеге кіре берістегі Абайдың қабірінің топырағы қойылған тұғыр





Абай үйінің шошаласы



Шәкәрім мен Ахаттың құлпытасы



*Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп..*



Кесенедегі амфитеатрдың көрінісі